

ОӘЖ 37.091

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Жүнісханова Қуаныш Жанатқызы

zhunuskanova@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік ғылымдар
факултетінің 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ф.Н. Жумабекова

Болашақ – халықтық білім берудің бағытын түп тамырынан өзгертуді қатаң талап етуде, сондықтан мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған ғылыми-тәжірибелік ойлардың қажеттілігіне байланысты көшбасшылық мәселесі тереңінен зерттелуде. Қоғамның әлеуметтік талабы – әр адамның өз деңгейінде өзінше оқып үйренуші: мектептік бірлестіктен мемлекеттікке дейін көшбасшы ретінде әрекет етуі.

Мәселен, педагогика тұлғаны көшбасшылыққа тәрбиелеу мәселелерін, психология көшбасшының тұлғалық ерекшеліктерін зерттесе, әлеуметтану оны әлеуметтік және психологиялық факторлардың өзара әрекеттесуі үрдісі ретінде қарастырады. Ал саясаттану саяси көшбасшылықты билік феномені ретінде қарастыра келе, оның табиғатын, қызмет ету механизмдерін, қоғамға ықпалын зерттеп, тиімді басқару әдістері мен тәжірибелік ұсыныстарды айқындайды. [1]

Студенттердің көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру өзіндік ерекшеліктерге ие. Түлектердің қазіргі еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі тікелей олардың бойындағы ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларына, белсенділік пен бастамашылық көрсете алу, қарым-қатынасқа қабілетті болуына, тәуелсіз шешімдер қабылдауға, өздерінің кәсіби дамуына жауаптылыққа, жеке және топтық жұмыс нәтижелеріне жауапкершілікпен қарауына тікелей байланысты. Студент бойындағы аталған әлеуметтік-психологиялық сипаттамалардың жиынтығы болашақ маманның көшбасшылық қабілеттерінің құраушы бөлігі.

Көшбасшылықтың ерекшеліктерін ескере келе, оларды жинақтай отырып, көшбасшылықтың құрылымын көрсетуге болады. Зерттеушілер көшбасшының төрт маңызды атрибуттарын көрсетеді.

- Көшбасшылық қабілеттер (негізінде көшбасшыға ғана тән);
- Мәртебе (статус);
- Бедел (ықпал ету);
- Қызметтері. [2]

Көшбасшылықты дамытуда адам бойында болатын төмендегідей қабілеттер тән (оны басқалардан ерекшелейтін, көшбасшылық орынға ие болу, ары қарай ұстап тұру және жұмысын абыроймен атқару).

Көшбасшылықты қолға алу аранайы жағдайларда кез-келген адамда көрініс табуы мүмкін. Бұл ұғымның мәні – адамның белгілі бір уақытта (тіпті бұл адамның іс-әрекеттері сырт көзбен қарағанда мәнсіз, аумақты болып көрінбегенімен) көшбасшылық айқындамасын ұстанатындығында.

Көшбасшылық айқындамасы адамның шешім қабылдау мен басқа адамдардың іс-әрекеттеріне әсер етуін білдіреді. Дегенмен, көшбасшы деп үнемі көшбасшы айқындамасын ұстанған және ол жерде ұзақ мерзімде болған адамды санауға болады. Көшбасшының жалғыз жүрмейтіндігінің маңыздылығын айта кету керектігі оның үнемі артынан ерушілердің бар болуымен түсіндіруге болады.

Студенттердің негізгі әрекеті оқу – жеке өмірге, еңбек етуге дайындықпен анықталады. Оқу әрекеті өзінің мәні, интенсивтілігі бойынша жоғары оқу орнында құзыретті мамандарды дайындаумен жұмыс істейді. Тұлғаның әлеуметтік құрылымында оның объективті қажеттіліктерін, әлеуметтік ұстанымдарын, өмірлік жоспарлар, құндылық бағдарлар, біліктіліктер, білім мен шығармашылық мүмкіндіктер, жалпы тұлғалық мәдениеті деңгейі мен адамгершілікті атап өтеді. Өз кезегінде құрылымдық элементтері студентке бағыттылық пен оның көшбасшылық мәдениетін құрайды. Онда студенттің түрлі ортадағы көндіру, өмірлік ұстаным, әрекет уәжделері сияқты тұлғалық ерекшеліктері қамтылады.

Көптеген студенттерде көшбасшылық мәдениеті бар, дегенмен көбінде оны өздігінен дамытып, ары қарай жетілдіру мүмкінгі жоқ. Бұл жұмыстың негізгі міндетіне көшбасшылық мәдениетін сапалы түрде пайдаланып, ізгілік қағидасын ұстанып, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі басқарудың негізгі технологияларын игеру қажет.

Сонымен қатар, біз студенттердің көшбасшылық мәдениетін дамытудың үш деңгейін анықтадық.

Әлеуметтік ортадағы студенттердің көшбасшылық мәдениетін дамытудың *төмен деңгейі* – көшбасшылық мәдениеті сапаларының қалыптаспауымен, үстіртін біліммен қалыптастыру үдерісі және көшбасшылық сапалардың қажеттілігі туралы түсінбестік, көшбасшылық сапаларды дамытуға жағымды ұмтылыс мотивінің жоқтығымен сипатталады.

Орташа деңгей – әлеуметтік ортадағы көшбасшылық мәдениетін дамыту сапаларының ішінара қалыптасуымен беріледі, бұл деңгейде студенттер тек қана өздеріне керекті әрекетте, жағдайда ғана қызығушылықтарын танытады, көшбасшылық жайлы үстіртін білімнің болуы, болашақтағы тиімді іс-әрекетте жеткіліксіз болатын көшбасшылық мәдениеті сапаларының бірнешеуінің қалыптасуы.

Жоғары деңгей – көшбасшылық мәдениетін дамытудың сапаларының қалыптасуымен бейнеленеді, көшбасшылық мәдениетінің жоғары деңгейінде студенттердің көшбасшылыққа деген өзіндік тұрақты қызығушылығы, көшбасшылық мәдениеті туралы білімдерінің арнайы бағдарлама талаптарынан бөлек, болашақтағы іс-әрекетте тиімділік беретін көшбасшылық мәдениетінің күзіретін көтеру қажеттілігінің жоғарылығымен сипатталады. [3]

Жоғарыда көрсетілген көшбасшылық мәдениетінің деңгейлеріне сәйкес, көшбасшылық – толыққанды және күрделі құбылыс. Зерттеушілер көшбасшылықтың туындауын топтағы ұйымшылдық және бірлік нәтижесі деп көрсетеді.

Тәжірибелік эксперименттік бөлімде біз әлеуметтік ортадағы, яғни әлеуметтік орта ретінде оқу топтарындағы, оқудағы көшбасшылық мәдениетін дамыту бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жолдарын қарастырдық.

Студенттердің көшбасшылық мәдениетінің деңгейі қарым-қатынаста, әлеуметтік ортадағы топтық жұмыстарда, ұйымдастыру әрекетінде, түрлі ситуациялық жағдаяттарда көрінеді. Көшбасшылық – бұл дамуға ұмтылатын барлық адамда болуы қажет, қайталап, шыңдап отыруды көздейтін ерекше тұлғалық қабілет.

Тәжірибелік бөлімде, біз әлеуметтік ортадағы студенттердің көшбасшылық мәдениетінің деңгейіне анықтаушы экспериментін жүргізу, ғылыми әдістерді, арнайы әдіснамаларды пайдалану арқылы көшбасшылық мәдениетін дамытуға арналған арнайы бағдарламаны ұсынамыз.

Студенттердің әлеуметтік ортадағы көшбасшылық мәдениетінің деңгейін көтеру мақсатында білім алушыларға ағарту жұмыстар, тренингтер, рөлдік ойындар, жаттығулар мен ситуациялық жағдаяттар берілді. Жұмыс барысында студенттер өздерінің топты басқарып, топтың атынан шешім қабылдай алу мүмкіндіктерін көрсетеді.

Әлеуметтік ортадағы студенттердің көшбасшылық мәдениетінің негізгі белгісі мінездегі, іс-әрекеттегі жүйелілік, реттілік, алға қойған мақсат пен соған жетудегі міндеттердің, мотивацияның бірізділігі, байланыстылық және де қарым-қатынастағы ашықтық, шынайылық. Яғни, аталған ерекшеліктер көшбасшы студентті қатардағыларынан ажыратып, ерекшелеп тұратын белгілері. Ең алдымен, студенттердің көшбасшылық мәдениеті әлеуметтік ортадағы олардың құндылық бағдарларының негізінде қажеттіліктерге сай жүзеге асады. Яғни, аталған құндылық бағдарының жүзеге асуын қарастыруда берілетін білім мен тәрбиенің психологиялық тұрғыдан сүйемелденуін қажет етеді.

Студенттердің көшбасшылық мәдениетін олардың болашақтағы қоғамдық ортада, түрлі әлеуметтік салалардағы қызметтерде тиімді әрі табысты жұмыс атқаруларына ықпал етеді. Көшбасшылық мәдениеті – студенттердің өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғары дәрежесін, ортадағы өзін-өзі ұстау, орнықты беделінің мәртебесін көрсетіп, жоғарыда аталған құндылық бағдарының тұлғалық дәрежесін арттырады.

Студенттердің көшбасшылық мәдениетінің деңгейін, өздеріне деген сенімділікті көтеруге педагогикалық және психологиялық жұмыс түрлері септігін тигізеді.

Жұмыс барысында студенттерге қажетті көшбасшылық мәдениетінің құрама қабілеттері: өзін-өзі ұстау, ұйымдастырушылық, ерік-жігер, эмоционалды тұрақтылық, өз-өзін тәрбиелеу мен дамыту психологиялық құлдырау, күйіну факторларын аулақ болуы маңызды. [4] Қабылданатын шешімдер мен жасалған әрекеттерде көшбасшы студенттердің бойындағы өзін-өзі бағалау мен жігерде ескеріледі.

Әлеуметтік ортада, біздің жағдайымызда оқу топтарындағы студенттердің көшбасшылық мәдениеті тікелей топ мүшелерінің, яғни ұжымның қарым-қатынасымен байланысты, себебі топ мүшелері көшбасшының ұсынған бағыттары мен құндылық бағдарларын қабылдамаған жағдайда, екіжақты байланыс тығыз орнамайды. Қалай болғанымен де, нағыз көшбасшы тек өзі ғана біліп, алға жалжымайды, ол өзінің артынан ерушілерді, топ мүшелерін бірге жетектеп, дамуларына мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Әлеуметтік ортадағы студенттердің көшбасшылық мәдениетін дамыту эксперименттің кезеңдері

Кезең	Негізгі мазмұны	Күтілетін нәтиже
Анықтау – диагностикалық	студенттерінің әлеуметтік ортадағы көшбасшылық мәдениетін дамыту мәселесін анықтау	Эксперимент тұжырымдамасы
Қалыптастыру	«Студенттерінің әлеуметтік ортадағы көшбасшылық мәдениетін дамыту» экспериментін тәжірибеден өткізу	Эмпирикалық мәліметтерді алу, студенттердің

		көшбасшылық мәдениетін дамытуға дайындалған әдістемені ендіру
Қорытынды	Эксперименталды жұмыстың талдауы. Эксперимент нәтижесін шығару.	Ғылыми зертеу болжамын дәлелдеу

Жүргізілетін тәжірибелік бағдарламаның мазмұны эксперименттік іс-әрекеттің дамуына, сонымен қатар студенттердің арнайы ұйымдастырушылық әрі көшбасшылық біліктіліктерін қосымша дамытуға негізделген. Әлеуметтік ортадағы студенттердің көшбасшылық мәдениетін дамытудың маңызы мен орынын ашып көруді қажет еттік.

Педагогикалық-психология саласында көшбасшылықты зерттеушілер көшбасшылық мәдениетінің дамуын төмендегі негізгі бағыттармен байланыстырды:

- а) өз-өзіне деген сенімі, өз өміріне жауап бере алуы;
- ә) өзін жақсы қырынан көрсетіп, ортадағыларды жақсы қырынан таң қалдырып, жағымды ой қалыптастыру;
- б) кездесуі ықтимал мәселелерді алдын ала болжайды. [5]

Біздің зерттеуіміз бойынша студенттердің көшбасшылық мәдениетін дамытудың негізі үш түрлі құрамдас бөліктен тұрады:

1. Көшбасшымен тікелей жұмыс жасауға топтың, топ мүшелерінің, ұжымның дайындығы.
2. Көшбасшы болуға деген ниет пен ұмтылыс, қалау.
3. Көшбасшылық мәдениетінің әлеуметтік тұғырдан желітуі.

Сонымен, экспериментті ұйымдастыру барысында көшбасшылық мәдениетті дамытудың кезеңдерін белгілеп, анықтау эксперименті жүргізілді.

Кесте 2 – Студенттердің көшбасшылық мәдениетінің бастапқы деңгейін анықтаудағы диагностикалық құралдар

Әдістеменің атауы	«Көшбасшы деген кім?», «Сізге болашақта көшбасшылық қандай септігі тигізеді?»	Көшбасшылық қабілеттерге диагностика жүргізу тесті	«Нағыз, шынайы көшбасшының сипаты»
Әдістеменің авторы	Арнайы авторлық сауалнама	Е.Крушельников, Е.Жариков	Арнайы әдістеме
Әдістеменің мақсаты	Көшбасшылыққа қатысты арнайы ұғымдарды меңгеру деңгейлерін анықтау	Көшбасшылық қабілетін, ортадағы өзін ұстау деңгейін анықтау	Нағыз көшбасшыға тән жеті негізгі қасиетті белгідеу арқылы көшбасшылық қабілеттер тізбегі құру

Жүргізілген әдістемелердің қорытындыларына сәйкес, бақылау тобы мен эксперимент топтарының жауаптарының нәтижелері бойынша біршама айырмашылықтар бар. Бақылау тобынан қатысқан жиырма студенттің үшеуінде көшбасшылық қабілет жоғары, тоғыз студентте орташа және қалған сегіз студентте көшбасшылық қабілеттері төмен деңгейді көрсетті. Эксперимент тобының нәтижелеріне талдау беретін болсақ, он алты студенттің екеуінде көшбасшылық қабілеттері жоғары, тоғыз студентте орташа және бес студентте төмен деңгейді көрсетті. Бұл нәтижелердің негізінде студенттердің орталары, олардың

мамандыққа деген қызығушылықтары, топтағы қарым қатынас пен өзіндік көшбасшылық бастаулардың әсер етуші факторлар ретінде қарастырамыз.

Сонымен, көшбасшылық мәдениеті мәселесінің зерттелу тарихын, жүргізілген тәжірибелік жұмыстарды қорытындылай келе, бұл тақырыптың ұзақ уақыттан бері қарастырылып келе жатқандығына көз жеткізуге болады. Түрлі ғалымдар, философтар, зерттеушілер өз жұмыстарында көшбасшының қандай болатындығын анықтап, оларға тән жеке-тұлғалық қасиетерін атап, аталған мәселені сараптайтын ғылымдарға сәйкес бұл феноменнің қосымша зерттелуіне арналған концепция құраған. Бұлар өз кезегінде көшбасшылық мәдениетінің толық бейнесін көруге, бұл сұраққа қатысты жеке ой-пікірдің қалыптасуына көмектеседі. Қазіргі уақыттың өзінде көшбасшылық мәдениеті тақырыбына қатысты жұмыс әзірлемелері жасалуда, бастапқы ақпараттармен қоса қолданысқа жаңа зерттеу ақпараттары да кіріп жатқандығына көз жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нысанбаев А.Н., Р.К.Кажыржанов. Политическое лидерство в современном Казахстане. – Алматы:Ақыл кітабы, 1998 –165 с.
2. Власов В.И. Проблема лидерства в работах курских психологов XX века. – Курск, 2010.
3. Кричевский Р.Л. Лидерство в малых группах как объект социально психологического исследование. - Л.: Изд-во ЛГПИ им.Герцена, 1973.- 54 с.
4. Кудряшова Е.В. Суханов В.Р. Особенности лидерства как элементы социального управления. Философия и образование- пространство диалога. Архангельск, 2000.- 25 с.
5. Кретов Б.И. Типология лидерства // СГЗ. - 2000. - №3.